



# Ембі ТЫНЫСЫ

№6 (149)  
МАУСЫМ  
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

### БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

### КӘСІБИ БАЙҚАУ

## ҮЗДІК МАМАН-2026:

## ШЕБЕРЛІК ПЕН ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ ШЫҢДАЛҒАН КҮН



«Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының оқу-жаттығу полигонында дәстүрлі «Үздік маман – 2026» кәсіби шеберлік байқауының II кезеңі жоғары деңгейде өтті. Компанияның өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінен жиналған жұмысшы мамандық иелері өзара білім мен тәжірибе жарыстырып, кәсіби шеберліктің үлгісін көрсетті.

Бүгінде өндірістің дамуы мен қауіпсіздігі ең алдымен ондағы мамандардың біліктілігіне байланысты. Осы мақсатта жыл сайын ұйымдастырылатын байқау жұмысшылардың кәсіби деңгейін арттыруға, еңбек адамының мәртебесін көтеруге және өндірістегі үздік тәжірибелерді насихаттауға бағытталған.

Байқаудың алғашқы кезеңі өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде өткізілсе, екінші кезеңге тек өз саласында үздік нәтиже көрсеткен мамандар жолдама алды. Биылғы сайысқа 15 мамандық бойынша 80-нен астам жұмысшы қатысып, теориялық білімдері мен тәжірибелік қабілеттерін сынға салды.



4-5»»

### ІРІ БАСҚАРМАНЫҢ ІЛГЕРІ ҚАДАМЫ

- Жылыоймұнайгаз – Ембі өңіріндегі стратегиялық маңызы зор өндірістік активтердің бірі. Сондықтан, біз үшін өндірістік көрсеткіштерді тұрақты сақтау ғана емес, кен орындарының әлеуетін тиімді пайдалану және ұзақмерзімді дамуды қамтамасыз ету маңызды.

3»»

### ЗАМАНАУИ АСХАНА – ЖАЙЛЫ ЕҢБЕК КЕПІЛІ

Бұған дейін мұнайшылар 50 орындық вагон-асханада тамақтанатын. Орын тапшылығына байланысты 120-ға жуық қызметкер кезекпен ас ішуге мәжбүр болатын.

6»»

### ОТБАСЫ БІРЛІГІНІҢ МЕРЕКЕСІ

«Сауықтыру бағдарламасы» шеңберінде ұйымдастырылған шараның мақсаты – тек спорттық бәсеке ғана емес, отбасы құндылықтарын дәріптеп, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен татулықты нығайту.

8»»

## МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ



## АСТАНА – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨРКЕНДЕУ СИМВОЛЫ

6 шілде – Астана күні. Бұл мереке – еліміздің бас қаласының ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның табысты дамуы мен жаңғыруының айқын көрінісіне айналған ерекше күн. Бүгінде Астана саяси, экономикалық және мәдени орталық ретінде ел дамуының негізгі драйверлерінің бірі болып отыр.

Соңғы жылдары елордада тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылуда. Жаңа тұрғын аудандар, әлеуметтік нысандар, мектептер, медициналық орталықтар мен қоғамдық кеңістіктер бой көтеріп, қаланың сәулеттік келбеті жыл сайын жаңарып келеді.

Әсіресе, соңғы кезең Астана үшін маңызды оқиғаларға толы болды. Қала көлік жүйесін жаңғырту, жол инфрақұрылымын жетілдіру және қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттыру бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Осы өзгерістердің ең ауқымдысы әрі көптен күткен жобалардың бірі – жеңіл рельсті көлік жүйесі (LRT). Биыл елордада аталған көлік желісі пайдалануға беріліп, қала тұрғындары мен қонақтарына жаңа тасымалдау мүмкіндігін ұсынды. Ұзындығы 22,4 шақырымды құрайтын желі 18 стансаны қамтиды және заманауи жылжымалы құраммен жабдықталған. Жаңа көлік жүйесі жолаушылардың қала ішінде жылдам әрі жайлы қатынауына мүмкіндік беріп, қоғамдық көлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтерді.

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

*Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекелерінің бірі – Астана күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Астана – Тәуелсіз Қазақстанның жарқын жетістіктерінің, тұрақты дамуы мен болашаққа деген сенімінің символы. Бүгінде елордамыз заманауи сәулетімен, қарқынды дамуымен және ауқымды жобаларымен әлем назарын аударып отырған ірі мегаполиске айналды.*

*Бұл мереке әрқайсымыз үшін Отанымыздың өркендеуі мен ел бірлігінің маңызын тағы бір мәрте айшықтайтын ерекше күн. Ел экономикасының дамуына өз үлесін қосып жүрген «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы үшін де Астананың жетістіктері – мақтаныш пен шабыттың қайнар көзі.*

*Осы айтулы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасы аمانдығын, еңбектеріңізге табыс пен жаңа жетістіктер тілейміз! Еліміз өркендеп, елордамыз гүлдене берсін!*

«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

LRT-ның іске қосылуы Астананың заманауи мегаполис ретінде дамуының жарқын көрінісі саналады. Бұл – тек көлік инфрақұрылымын жетілдіру ғана емес, сонымен қатар, экологиялық таза әрі тиімді қоғамдық көлік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Жаңа желі халықаралық әуежай, теміржол вокзалы және қаланың негізгі нысандары арасындағы байланысты жақсартып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік беруде.

Сарапшылардың пікірінше, LRT жүйесі қала көшелеріндегі көлік жүктемесін азайтып, қоғамдық көліктің тартымдылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл жоба Астананың инновациялық әрі технологиялық тұрғыдан дамыған қала ретіндегі мәртебесін нығайта түсті.

Бүгінде Астана халықаралық форумдар мен іскерлік кездесулердің алаңына айналып, инвестиция тарту, инновацияларды енгізу және жаңа технологияларды дамыту бойынша көшбасшы өңірлердің қатарынан орын алуға. Қаланың қарқынды дамуы бүкіл Қазақстан экономикасының өсуіне серпін беріп келеді.

Астана күні – елорда тұрғындары үшін ғана емес, еліміздің әрбір азаматы үшін мақтаныш мерекесі. Бас қаланың жетістіктері Қазақстанның болашағына деген сенімімізді нығайтып, жаңа белестерге ұмтылуға шабыт береді. Еліміздің жүрегі саналатын бас қаламыз әрдайым өркендеп, Қазақстанның дамуы мен бірлігінің символы болып қала берсін! **ET**

## ДАМУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ

«Ембімұнайгаз» АҚ өндірістің өзекті мәселелерін талқылау және тәжірибе алмасу мақсатында тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқан дөңгелек үстел форматындағы кездесу өз жалғасын тапты. Аталған бағыттағы кезекті, яғни, бесінші дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

## ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІ – ОРТАҚ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ ӨЗЕГІНДЕ

Іс-шараға компания басшылығы, сондай-ақ, Ембімұнайгаздың құрамындағы төрт мұнай-газ өндіру басқармасының жауапты мамандары қатысты. Жиын барысында қатысушылар өндірістік процестерді жетілдіру, кен орындарындағы ағымдағы жағдай және алдағы кезеңде атқарылуы тиіс жұмыстар бойынша өз ой-пікірлерімен бөлісті.

– «Мұндай жиындардың негізгі мақсаты – бір-бірімізбен ой бөлісу, өзара жақсы тәжірибелермен танысып, оларды үйрену. Осындай тәжірибе алмасу алаңдары алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасып, компанияның өндірістік даму стратегиясын жетілдіруге өз үлесін қоса береді», – деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет.

Кездесудің негізгі мақсаты – әр кен алаңында жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыру, озық тәжірибелерді ортақ пайдалану және өндірістегі өзекті түйткілдерді бірлесіп шешу болды. Мамандар өз басқармаларында



өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға бағытталған жаңа ұсыныстарын да ортаға салды.

Сонымен қатар, кезекте тұрған жобалар мен жоспарланған техникалық-ұйымдастырушылық шаралар талқыланып, олардың іске асырылу тетіктеріне назар аударылды. Қатысушылар мұндай форматтағы кездесулер ішкі

коммуникацияны нығайтып, өндірістік тиімділікті арттыруға оң әсер ететінін атап өтті.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша көтерілген ұсыныстар мен пікірлер жинақталып, оларды әрі қарай жүйелеу және өндірістік үдерістерге енгізу бағытында тиісті құрылымдарға тапсырмалар берілді. **ET**



## ТАҒАЙЫНДАУ

## САТЫП АЛУ ДЕПАРТАМЕНТІНДЕ ЖАҢА БАСШЫ



«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының бұйрығымен сатып алу департаментінің директоры болып Орынбасаров Нұрғали Жұманғалиұлы тағайындалды.

Нұрғали Орынбасаров еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облыстық сотында курьер-экспедитор болып бастаған. Кейінгі жылдары Мақат ОАА кадр бөлімінің инспекторы, заңгер, «Мақатмұнайгаз» МГӨБ-ның заң кеңесшісі, «Ембімұнайгаз» АҚ мемлекеттік сатып алу бөлімінің аға инженері, сатып алу және жергілікті қамту департаментінің ТЖҚ сатып алу бөлімінің бастығы, «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ сатып алуды дамыту және үйлестіру департаменті директорының орынбасары, сатып алу және жабдықтау департаменті сатып алу жоспарлау және ұйымдастыру басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

2026 жылғы 1-маусымнан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ сатып алу департаментінің директоры болып тағайындалды.

ӨНДІРИСТЕН СҰХБАТ

**Жылыоймұнайгаз – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның өндірістік қуаты мен еңбек әлеуетін айқындайтын ең ірі басқарма. Бүгінде мұнда өндіріс тиімділігін арттыруға, жаңа технологияларды енгізуге, газ жобаларын дамытуға және кен орындарының әлеуетін барынша тиімді пайдалануға бағытталған ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. Басқарма бастығы Қайнар Құлмағанбетұлы Қодановпен сұхбатымызда өндірістегі өзекті мәселелер, қолға алынған инвестициялық жобалар, еңбек ұжымы мен алағи жоспарлар туралы әңгіме өрбіді.**



лану мақсатында және штангалы терендік сорғыларының (ШТС) техникалық мүмкіндіктерінің шектеулі екенін ескере отырып, Компания ұңғымаларды электрлі ортадан тепкіш сорғыларға (УЭПН) көшіру жұмыстарын табысты жүзеге асыруда. Аталған шаралар ұңғымалардың өнімділігін арттыруға, пайдалану сенімділігін күшейтуге және тұрақты өндірістік нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беруде.

**- Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-ның басты назар аударып**

**комитетінің атқарар рөлі зор. Жуырда басқармада жаңадан Кәсіподақ комитетінің төрағасы сайланды. Қандай жұмыстар қолға алынып жатыр?**

- Жаңа құрамдағы комитет өз жұмысын ең алдымен қызметкерлердің ұсыныс-пікірлерін зерделеуден және өзекті мәселелерін анықтаудан бастады. Қазіргі таңда бірнеше бағыт бойынша жұмыстар қолға алынуда. Атап айтқанда, еңбек ұжымындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту, қызметкерлер

# ІРІ БАСҚАРМАНЫҢ ІЛГЕРІ ҚАДАМЫ

**- Қайнар Құлмағанбетұлы, сұхбатты басқарманың бүгінгі тынысынан бастасақ. Компания үшін өзекті мәселенің бірі - шығындарды онтайландыру. Осы бағытта рентабельдігі төмен кен алаңдарымен жұмыс қалай жүреді?**

- Компания үшін маңызды бағыттардың бірі – шығындарды онтайландыру және рентабельдігі төмен кен орындарының тиімділігін арттыру. Бұл мәселе тұрақты түрде бақылауда және оған кешенді тәсіл арқылы жұмыс жүргізілуде.

Ең алдымен, әр кен орны бойынша өндірістік және операциялық шығындарға жан-жақты талдау жасалады. Соның негізінде шығындарды қысқарту, энергия ресурстарын тиімді пайдалану, өндірістік процестерді автоматтандыру және технологиялық шешімдерді жетілдіру шаралары жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, ұңғымалардың өнімділігін арттыру мақсатында геологиялық-техникалық іс-шаралар жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, ұңғымаларды жөндеу, қабаттарға әсер ету технологияларын қолдану, су басуды шектеу және қосымша мұнай өндіру әдістерін енгізу жұмыстары қолға алынуда.

Рентабельдігі төмен кен орындары бойынша әрбір жоба жеке қарастырылып, экономикалық тиімділігі сараланады. Нәтижесінде өндірістік көрсеткіштерді жақсартуға және кен орындарының пайдалану мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін нақты шешімдер қабылданады.

**- Геологиялық барлау бағытында қандай жаңалықтарыңыз бар?**

- Геологиялық барлау жұмыстары компанияның ұзақ мерзімді дамуындағы стратегиялық бағыттардың бірі болып табылады. Өйткені, жаңа қорларды анықтау және көмірсутек ресурстық базасын толықтыру өндіріс көлемін тұрақты деңгейде ұстап тұрудың негізгі кепілі саналады.

Қазіргі таңда компанияда геологиялық барлау жұмыстарын күшейтуге ерекше назар аударылып отыр. Бұл бағытта перспективалы құрылымдар мен учаскелерде сейсмикалық зерттеулер жүргізіліп, олардың нәтижелері негізінде жаңа бұрғылау нысандары нақтыланады.

Соңғы жылдары заманауи геологиялық және геофизикалық зерттеу әдістері кеңінен қолданылып келеді. Бұл өз кезегінде жер қойнауының құрылымын дәлірек бағалауға және жаңа мұнай-газ шоғырларын анықтау мүмкіндігін арттыруға септігін тигізуде. Сонымен қатар, қолданыстағы кен орындарының әлеуетін қайта бағалау жұмыстары жүргізілуде. Жаңа технологиялардың көмегімен бұрын игеруге тиімсіз деп есептелген учаскелердің де перспективалары қарастырылуда.

Алағи кезеңде геологиялық барлау бағдарламасы аясын-

да бірқатар перспективалы нысандарда іздеу және барлау бұрғылау жұмыстарын жалғастыру жоспарланып отыр. **- Бүгінде Компанияның ұстанған бағыттарының бірі тек мұнай өндіру емес. Сонымен қатар, газ өндіру мен сату. Бұл жобалар Сіздің басқармаңызда қалай жүзеге асып жатыр. Кеңірек айтып өтсеңіз...**

- Мемлекет басшысының және саланың стратегиялық міндеттеріне сәйкес табиғи газ ресурстарын тиімді игеру, газ өндіру көлемін ұлғайту және оны коммерцияландыру мәселелеріне де ерекше көңіл бөлініп отыр.

Осы бағытта біздің басқарма бірқатар маңызды жобаларды үйлестіреді. Негізгі мақсат – бұрын кәдеге жаратылмай келген ілеспе газды тиімді пайдалану, газ инфрақұрылымын дамыту және қосымша табыс көздерін қалыптастыру. Бұл ретте газды жинау, дайындау және тасымалдау жүйелерін жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар, кен орындарындағы газ ресурстарының әлеуетін бағалау, қосымша қорларды анықтау және оларды өндіріске тарту бағытында жұмыстар жүргізілуде. Газды өңдеу және өткізу тетіктерін жетілдіру арқылы өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру көзделіп отыр.

Газ жобаларының тағы бір маңызды қыры – экологиялық тиімділігі. Ілеспе газды толыққанды өндірістік айналымға енгізу қоршаған ортаға түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бұл жобалар экономикалық тұрғыдан ғана емес, экологиялық және әлеуметтік маңызы жағынан да аса өзекті.

Жалпы алғанда, газ өндіру мен өткізуді дамытуға бағытталған жобалар компанияның өндірістік қызметін әртараптандыруға, табыстылығын арттыруға және энергетикалық ресурстарды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Алағи уақытта да бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, жаңа жобаларды іске асыруды жоспарлап отырмыз.

Атап айтсақ, өткен жылдың қараша айында Батыс Қарасор кен орнында мұнай-газ жинақтау пунктін іске қосылып, 6 ұңғыдан тәулігіне 200-210 тонна мұнай өндірілуде. Мұнаймен бірге өндіріліп жатқан ілеспе газды рационалдық пайдалану мақсатында Батыс Қарасор кен орнында газ поршенді электрстансасы іске қосылып, аталған кен орнын жарықпен толықтай қамтып отыр.

Ал, Батыс Прорва кен орнындағы газды кәдеге жаратуға 1-ші кешенді жобасы аясында жаңадан 3 газ өндіру ұңғымасы қазылды. Және ұңғымаларды жайғастыру жобасы жасакталып, 2026 жылдың мамыр айында толықтай іске қосылды.



Жылына 150 млн м3 табиғи газды өндіріп, газды құрғату қондырғыларында өңдеу технологиясымен «QazaqGaz» Ұлттық Компаниясының газ желілеріне тапсырылады.

Тағы бір инвестициялық жоба – Қисымбай кен орнының келмей қабатындағы газ қорын игеру аясында бүгінгі күнге жоспар бойынша №80 ұңғыда газ қабатына көшуге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Ұңғыда жүргізілетін геодинамикалық зерттеу жұмыстары нәтижесіне сәйкес газды өңдеу технологиясы нақты сарапталынады.

**- Компанияның тағы бір жаңалықтарының бірі - сағалаан көлбеу бұрғылау (наклонное бурение с устья). Бұл бағыттағы тәжірибенізбен бөліссеңіз...**

- Соңғы жылдары компания өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталған заманауи технологияларды енгізуге басымдық беріп келеді. Соның бірі – ұңғыма сағасын көлбеу бұрғылау технологиясы.

Биыл Компанияда аталған технология сәтті енгізілді. Бұл технология біздің Компанияда алғаш рет қолданылып қана қоймай, еліміз бойынша да алғашқылардың бірі болып саналады. Аталған технологияның негізгі мақсаты – терендігі шамамен 120 метр болатын қабаттардағы қалдық мұнай қорларын игеру.

Мұндай жағдайларда тік ұңғымалардың тиімділігі төмен болғандықтан, көлбеу-бағытталған бұрғылау технологиясы игерілмей қалған қорларды өндіріске тартуға және мұнай өндіру коэффициентін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, консервациядағы немесе жойылуы жоспарланған ұңғымаларды қайта іске қосу және тиімді пайдалану мақсатында Компанияда бүйірлік горизонталды оқпан қазу (ЗБГС) технологиясы белсенді түрде қолданылуда. Бұл технология кен орындарын қосымша игеруге, қалдық қорларды анықтап, өндіріске енгізуге және жаңа ұңғымалар бұрғыламай-ақ қосымша мұнай өндіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қолданыстағы ұңғымалар қорын тиімді пайда-

**отырған мәселесі - үнемдеу. Ал, бұл бағыттағы жұмыс – ұңғылардың жөндеуаралық мерзімді ұзарту арқылы жүзеге аспақ. Сіздің басқармада бұл жұмыс қалай жүріп жатыр?**

- Өндірістік шығындарды онтайландыру және қолданыстағы активтердің тиімділігін арттыру үшін ұңғылардың жөндеуаралық мерзімін ұзарту маңызды бағыттардың бірі болып саналады. Біздің басқармада бұл жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Ең алдымен, ұңғылардың жиі тоқтап қалуына әсер ететін факторларға талдау жасалып, олардың негізгі себептерін жою бойынша техникалық және ұйымдастырушылық шаралар қабылданады. Атап айтқанда, жерасты жабдықтарының сенімділігін арттыру, коррозияға қарсы қорғау жүйелерін жетілдіру, пайдалану режимдерін онтайландыру және заманауи мониторинг құралдарын енгізу жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар, ұңғылардың техникалық жағдайын алдын ала бағалауға мүмкіндік беретін диагностикалық бақылау жүйелері кеңінен қолданылуда. Бұл жабдықтардың істен шығу қаупін ерте анықтап, жоспардан тыс жөндеу жұмыстарын азайтуға мүмкіндік береді.

Жөндеуаралық мерзімді ұзартудың нәтижесінде ұңғылардың жұмысқа қабілеттілігі артып, өндірістік шығындар төмендейді және мұнай өндіру көлемінің тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Бұл өз кезегінде компанияның жалпы экономикалық тиімділігіне оң әсерін тигізеді.

Бүгінде Жылыоймұнайгаз Ембіде жөндеуаралық кезеңді ұлғайту бойынша алдыңғы қатарда. Нақты көрсеткіштерге тоқтап кетсек, ағымдағы жылы басқарма бойынша жөндеуаралық мерзімнің жоспары деңгейі 750 тәулік болса, алғашқы 5 ай ішінде нақтысы 721 тәулік құрады.

**- Ұжымшылдық бірлік мәселесіне тоқталсақ. Қызметкерлердің өзара сыйластығына, ортақ мақсатқа жұмылуына және сенімге негізделген еңбек ортасын қалыптастыруда кәсіподақ**

арасындағы корпоративтік мәдениетті нығайту, ұжымдық іс-шараларды жандандыру және еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Сонымен қатар, қызметкерлер мен Жұмыс беруші арасындағы ашық диалогты дамытуға бірлесе ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта тұрақты кездесулер ұйымдастыру, ұсыныстар мен өтініштерді жедел қарастыру тетіктерін жетілдіру жоспарланған. Ұжым мүшелерінің кәсіби және шығармашылық бастамаларын қолдау, спорттық және мәдени-көпшілік шараларды көбейту де – күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің бірі.

Жуырда Басқарманың жергілікті кәсіподақ ұйымының жаңа төрағасын сайлады. Жаңа құрамның алдында үлкен міндеттер тұр. Ол – 2027-2031 жылдарға арналған Ұжымдық шартқа жаңа ұсыныстар беру. Өйткені, бұл – жалпы ұжым үшін маңызды құжат. Біздің басты мақсатымыз – әр қызметкер өзін ұжымның маңызды мүшесі ретінде сезінетін, өзара құрмет пен сенімге негізделген, ортақ мақсатқа жұмылған ұйымдық мәдениетті қалыптастыру.

**- Жылыоймұнайгаз Ембідегі ірі өндірістік актив саналады. Сондықтан, күтілетін перспектива да жоғары. Осы орайда, алағи жоспарларыңызбен бөліссеңіз...**

- Жылыоймұнайгаз – Ембі өңіріндегі стратегиялық маңызы зор өндірістік активтердің бірі. Сондықтан, біз үшін өндірістік көрсеткіштерді тұрақты сақтау ғана емес, кен орындарының әлеуетін тиімді пайдалану және ұзақмерзімді дамуы қамтамасыз ету маңызды.

Алағи кезеңде негізгі назар өндіріс тиімділігін арттыруға, қолданыстағы кен орындарын игеру жұмыстарын жетілдіруге, жаңа технологияларды енгізуге және өндірістік қауіпсіздік деңгейін күшейтуге бағытталады. Сонымен қатар, ұңғымалар қорын онтайландыру, инфрақұрылымы жаңғырту және цифрландыру элементтерін кеңінен қолдану арқылы өндірістік процестердің тиімділігін арттыру көзделіп отыр.

Бұдан бөлек, кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше мән береміз. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, жастарды қолдау және тәжірибелі мамандардың білімін сабақтастық қағидаатымен жеткізу бағытындағы жұмыстар жалғасады. Өйткені кез келген өндірістің табысты болуы ең алдымен адам капиталына байланысты.

Әлеуметтік жауапкершілік те біздің басым бағыттарымыздың қатарында. Қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту, әлеуметтік қолдау шараларын күшейту және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосу жұмыстары тұрақты түрде жалғасады.

**Сұхбатыңызға рахмет! ET**

Соңы. Басы 1-бетте



# ҮЗДІК МАМАН-2026:

Айта кету керек, шеберлік байқауы жұмысшылардың беделін көтеріп, олардың арасынан жүзден жүйрік нағыз мамандарды іріктейді. Өзара тәжірибе мен түрлі идеялардың алмасуына да үлкен мүмкіндік береді. Әр қызметкердің өзінің жұмысына деген жауапкершілігін арттырады. Әрбір жұмыс орнында өндіріс тиімділігін арттыруға себепші болып, жүзеге асып жатқан жобалардың орындалуына да үлкен үлес қосады.

Байқау жетекші мамандарды анықтап қана қоймай, жұмысшы мамандықтардың, әсіресе, жастар арасында беделін көтеруге септігін тигізеді.

Қатысушылар арасында мұнай және газ өндіру операторлары, ұңғымаларды жерасты жөндеу операторлары, ұңғымаларды зерттеу операторлары, тауар операторлары, жер қабаты қысымын сақтау операторлары, технологиялық қондырғылар операторлары, химиялық талдау жасау лаборанттары, слесарь-жөндеушілер, цементтеу агрегатының машинистері, компрессорлық қондырғы машинистері, технологиялық сораптар машинистері, электр-газбен дәнекерлеушілер, темір жолшылар, көлік жүргізушілері және электр жабдықтарын жөндеу

мен қызмет көрсету жөніндегі электромонтерлер болды.

Байқау барысында қатысушылар теориялық білімдерін дәлелдеп қана қоймай, нақты өндірістік жағдайларға негізделген практикалық тапсырмаларды орындады. Мұндай сынақтар мамандардың кәсіби даярлығын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

**«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжанов** өз сөзінде кәсіби шеберлік сайысының маңызына тоқталып өтті.

- Теориялық білім мен тәжірибені шебер ұштастыру барысында әрбір маман өзінің де, өзгенің деңгейін көреді. Сайыскерлердің әрқайсысы өз ісінің шебер маманы екенін дәлелдеуге бар күшін салады.

Осы сайыста біз Ембінің ең үздік мамандарын анықтаймыз. Сол арқылы еңбек өнімділігін арттырамыз. Біздің көздегеніміз де – осы мақсат, - деп атап өтті А.Құтжанов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, соңғы жылдары байқауға қатысатын жас мамандардың саны айтарлықтай артқан. Бұл кәсіпорындағы кадрлық сабақтастықтың сақталып, жастардың жұмысшы мамандықтарға деген қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді.

Еңбек адамын ұлықтау, кәсіби шеберлікті дәріптеу және жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру – бүгінгі өндірістің маңызды міндеттерінің бірі. «Үздік маман – 2026» байқауы осы бағыттағы игі бастамалардың жарқын көрінісіне айналды.

Сайыс қорытындысында өз мамандықтары бойынша үздік атанған қызметкерлер арнайы дипломдармен, қаржылай сыйақылармен және имидждік сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар, жеңімпаздардың алған орындарына байланысты жалақыларына бір жыл бойы пайыздық үстемеақы төленетін болады.

# ШЕБЕРЛІК ПЕН ТЕОРИЯЛЫҚ БІЛІМ ШЫҢДАЛҒАН КҮН

## «ҮЗДІК МАМАН-2026» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

### МУНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ӨНДІРУ ОПЕРАТОРЫ:

**I орын** – Әскер Еркетанов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Есенжол Ғұбашев («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Аман Танашев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Жантас Мұханғалиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

### ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЖЕРАСТЫ ЖӨНДЕУ ОПЕРАТОРЫ (БРИГАДА):

**I орын** – Жаңабай Мұхтаров, Алтынбек Табынбаев, Саян Мұқашев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Арман Қасанов, Аян Шамшиев, Абат Имашев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Саюпов Бауыржан, Мержан Айтиалиев, Ерлан Сабиров («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Алтынбек Тәжбенов, Данияр Ізбаев, Рүстем Аманғалиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

### ҰҢҒЫМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАТОР:

**I орын** – Жангелді Мәселем («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Айболат Мақашев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Телжан Ернар («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Нұрасыл Қуанышұлы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

### ТАУАР ОПЕРАТОРЫ:

**I орын** – Ғани Ерғали («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Нұрлан Сапаров («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Махамбет Төлегенов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Нұрлан Ермұханов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

### ЖЕР КАБАТЫ ҚЫСЫМЫН САҚТАУ ОПЕРАТОРЫ:

**I орын** – Тастанбек Менешев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Жалғас Берденов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Самидола Тәжіғұлов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Ерлан Есенкелдин («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

### ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОРАПТАР МАШИНИСІ:

**I орын** – Асқар Қарымсақов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Избасар Зинеденов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Данияр Омарғазиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Айдос Бисенғалиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)

### ХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ ЛАБОРАНТЫ:

**I орын** – Ләззат Идиркенова («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Минара Абилова («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Нұржан Нұрланұлы («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – (Еркебұлан Қалымжан «Қайнармұнайгаз» МГӨБ)

### СЛЕСАРЬ-ЖӨНДЕУШІ:

**I орын** – Нұрлыбек Естілеуов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Райымбек Шағыраев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Сырымбек Сәрсенбай («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Ерсұлтан Хатапов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

### ЦЕМЕНТТЕУ АГРЕГАТЫНЫҢ МАШИНИСІ (МОТОРШЫСЫ):

**I орын** – Оңғар Ахметов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Асқар Беркалиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Ерболат Исламов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Бөкенбай Әбілхасымов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)

### КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫҢ МАШИНИСІ:

**I орын** – Айбар Физатуллин («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Ғаділжан Құтқожин («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Асхат Бердібаев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

### ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ОПЕРАТОРЫ:

**I орын** – Бердібек Әділов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Алдияр Нысанов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Жанболат Жұбанов («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Төреғалиев Алпамыс («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

### ЭЛЕКТРГАЗБЕН ДӨНЕКЕРЛЕУШІ:

**I орын** – Мұхаммедәмин Жақып («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Әділбек Мұхамбетқалиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Жандарбек Қалиев («Жайықмұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Амандық Дүйсенғалиев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ), Өркімбаев Марат (ӨТҚЖЖК басқармасы), Қасым Тенелбаев («Ембімұнайэнерго» басқармасы)

### КӨЛІК ЖҮРГІЗУШІ:

**I орын** – Еркебұлан Ақмұрзиев («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Бекболат Ахметов (ӨТҚЖЖК басқармасы)  
**III орын** – Бердібек Бактыгереев («Ембімұнайэнерго» басқармасы)  
 Ынталандыру жүлдесі – Нұржан Қалиев («Доссормұнайгаз» МГӨБ), Жасұлан Базарбай («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Төлеген Сихов («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)

### ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ЭЛЕКТРОМОНТЕРІ (БРИГАДА):

**I орын** – Әлихан Абат, Ерлан Мералин («Ембімұнайэнерго» басқармасының электромонтаждау бөлімшесі)  
**II орын** – Думан Балдыров, Естөре Есентурлин («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» АЭТ)  
**III орын** – Альберд Ғалымжанов, Бертілеу Сағи («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Жайық» АЭТ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Рахым Қанипа, Әлібек Әбілханов («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Қайнар» АЭТ), Қуанышбек Төрәлиев, Бисембай Досов («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Доссор» АЭТ), Рүсалим Тлегенов, Жангелді Амангелді («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Мақат» АЭТ), Әлішер Далапқалиев, Абай Иманғалиев («Ембімұнайэнерго» басқармасының «Кұлсары» АЭТ)

### ТЕМІР ЖОНУШЫ:

**I орын** – Нұрсейіт Қоңырбаев («Доссормұнайгаз» МГӨБ)  
**II орын** – Марат Қордашев («Жылыоймұнайгаз» МГӨБ)  
**III орын** – Аманқос Сисенов («Қайнармұнайгаз» МГӨБ)  
 Ынталандыру жүлдесі – Аманжан Жолжанов («Жайықмұнайгаз» МГӨБ), Талғат Еренов («Ембімұнайэнерго» басқармасы)



### Жалпы қорытынды ұпайлар бойынша командалық есепте

- 1 орынды «Қайнармұнайгаз» МГӨБ,**
- 2 орынды «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ,**
- 3 орынды «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұжымы иеленді.**

## ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

## СПОРТТАҒЫ СЕРПІН – КОМАНДАЛЫҚ РУХТЫҢ КӨРІНІСІ

Астана қаласында 12-15 маусым күндері аралығында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары қызметкерлерінің арасындағы дәстүрлі спартакиада өтті.

Осымен биыл 9-шы рет ұйымдастырылған спорт сайысына ҚазМұнайГазға қарасты 39 кәсіпорыннан 1 мыңға жуық адам қатысты. Спартакиада бағдарламасы бойынша спорттың 15 түрі қамтылды. Яғни, шағын футбол, баскетбол, волейбол, шахмат, үстел теннисі, қол күрес, жүзу, киберспорт және т.б. спорт түрлерінен сайыстар өткізілді.

Дүбірлі доданың ашылу салтанатына қатысқан Ұлттық компанияның Басқарма төрағасының бірінші орынбасары Құрманғазы Есқазиев ұлттық спорт түрлерін дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғандығын жеткізді.

Атап айтсақ, тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық және арқан тарту сияқты қазақтың ұлттық ойындары бағдарламаға енгізілген. Сонымен қатар, ойындар бағдарламасына биылдан бастап жеңіл атлетика қосылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ құрамасы спорттың 15 түрі бойынша бақсынап, компания намысын қорғады. Бұл додамұнайшылардың спорттық шеберлігін ғана емес, ұйымшылығы мен командалық рухын да айқындайтын маңызды бәсеке болды.

Спартакиаданың жабылу салтанатында үздік спортшылар мен командалар медальдармен, дипломдармен және кубоктармен марапатталды. Біздің әріптестеріміз де бұл долада жоғары нәтиже көрсетіп, компания абыройын асқақтатты. Жалпы Ембі қоржынына 1 алтын, 2 күміс және 3 қола медаль түсті.

Киберспорт бойынша сынға түскен ембілік спортшылар финалда «АМӨЗ» ЖШС командасымен кездесіп, тартысты ойында 2:1 есебімен жеңіске жетті. Нәтижесінде әріптестеріміз спартакиада чемпионы атанып, Ембі қоржынына алтын медальды салды. Жарыстың қорытындысымен әріптесіміз **Асланбек Отарғалиев «Үздік ойыншы»** номинациясын жеңіп алды.

Футзалдан «Ембімұнайгаз» АҚ құрама командасы ҚазМұнайГаз спартакиадасының күміс



жүлдегері атанды.

Жартылай финалда ембілік ойыншылар «ҚазТрансОйл» командасымен кездесіп, 1:0 есебімен финалға жолдама алды. Ал, шешуші кездесуде «Ойл Сервисес Компани» құрамасымен кездесіп, есе жіберді. Сөйтіп, спартакиаданың күміс медалін иеленді. Жеке лей номинацияда

ембілік **Бекболат Кенжесов «Үздік қақпашы»** атанды.

Ерлер арасында 800 метрге жүгіруден **Мұхаммедамин Жақып III** орынға қол жеткізді. Ал, эстафеталық жарыста **Мейрамгүл Исмағанбетова, Нұрлыбек Шыңғұлов, Сымбат Бауыржанқызы және Мұхаммедамин Жақыптан**

құралған команда мәреге екінші болып жетіп, спартакиаданың күміс жүлдегері атанды.

Әйелдер арасында 200 метрге жүзуден (40 жастан жоғары санатта) әріптесіміз **Шамшия Билалова** үздік үштіктен көрініп, қола медальды қанжығасына байлады.

Ұлттық спорт түрі бес

асықтан өнер көрсеткен **Гайһар Мекебаева** жүлделі III орынды иеленіп, «Ембімұнайгаз» АҚ қоржынына қола медаль салды.

Әйелдер арасындағы волейболдан шебер ойын өрнегін көрсеткен **Ботакөз Истекова** жеке лей номинациялар бойынша «Үздік ойыншы» аталымын жеңіп алды. **ET**

## ЖАҢА ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсарту бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыруда. Осы мақсатта «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Қарсақ кен орнында 100 орындық жаңа заманауи асхана пайдалануға берілді.

Жаңа нысан вахталық әдіспен еңбек ететін қызметкерлерге қолайлы жағдай жасауға бағытталған кешенді бағдарламаның маңызды жобаларының бірі болып табылады. Бұған дейін кен орнында 2011 жылы пайдалануға берілген 50 орындық мобильді асхана жұмыс істеп келді. Алайда өндірістік қажеттіліктердің артуы, тамақтану мәзірінің кеңеюі және санитарлық талаптардың күшеюі жаңа нысан салуды талап етті.

Жалпы аумағы 1429 шаршы метрді құрайтын асхана заманауи талаптарға толық сай жабдықталған. Мұнда ыстық және салқын тағамдар дайындайтын цехтармен қатар ет, балық және көкөніс өңдеу бөлімдері орналасқан. Сондай-ақ, азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы салқындалатын қоймалар қарастырылған.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының геология және игеру жөніндегі орынбасары **Ернұр Тасеменовтың** айтуынша, қызметкерлерге қолайлы жағдай жасау Компанияның негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді.

– Қарсақ кен орнындағы жаңа асхана – қызметкерлеріміздің денсаулығы мен әл-ауқатына салынған инвестиция. Біз

## ЗАМАНАУИ АСХАНА – ЖАЙЛЫ ЕҢБЕК КЕПІЛІ



Ембі кен алаңдарында еңбек етіп жатқан әр адамның өзін жайлы әрі қауіпсіз сезінетін еңбек ортасын қалыптастыруға ұмтыламыз. Бұл өз кезегінде өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігіне оң әсер етеді, – деді ол.

70 жылға жуық уақыттан бері игеріліп келе жатқан Қарсақ кен алаңында бүгінгі күні өндіріс көлемін тұрақтандыру мақсатында жаңа технологиялар енгізілуде. Бұл – компанияның байырғы кеңіштердің әлеуетін арттырып, олардың екінші тынысын ашуға бағытталған маңызды қадамдарының бірі. Соның ішінде, сағадан көлбеу бұрғылау технологиясы өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгерді. Басқарма басшылығының мәліметінше, аталған кен алаңының өнім өндіру көрсеткіші екі есеге артқан. Бұл өндірісте қолға алынған жаңашыл бастамалардың оң нәтиже беріп жатқанын көрсетеді.

Мұндай игі өзгерістер әлеуметтік салада

да жүзеге асырылуда. Соның айқын дәлелі – 100 орындық жаңа асхананың пайдалануға берілуі. Бұған дейін мұнайшылар 50 орындық вагон-асханада тамақтанатын. Орын тапшылығына байланысты 120-ға жуық қызметкер кезекпен ас ішуге мәжбүр болатын.

Қарсақ кен алаңының жерасты қабат қысымын сақтау машинисі **Айболат Еркетановтың** айтуынша, бұрын қызметкерлердің едәуір уақыты кезек

қапырық жағдайда жұмыс істеп, тамақтануға мәжбүр болған.

Қарсақтық мұнайшылар заманауи талаптарға толық жауап беретін жаңа асхана ғимаратына қуанып, басшылықтың еңбек адамдарына көрсетіп отырған қамқорлығына ризашылықтарын білдірді.

Компания әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту жұмыстарын өзге өндірістік нысандарда да жалғастыруда. Биыл С.Балғымбаев атындағы кен орнындағы 100 орындық жатақхана күрделі жөндеуден өтті. Сонымен қатар, Б.Жоламанов атындағы кен орнында жаңа жатақхана мен Кенбай кен орнында 150 орындық асхана құрылысы аяқталу сатысында.

Қызметкерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған мұндай



күтумен өтетін. Сонымен қатар, тар ғимарат аспазшылардың жұмысына да қолайсыздық туғызған. Газ плиталарының бір-біріне тым жақын орналасуы салдарынан асхана іші қатты қызып, қызметкерлер мен аспазшылар

жобалар Компанияның адам капиталына деген жауапты көзқарасын көрсетеді. Өйткені, өндірістегі жоғары нәтижелердің негізінде өз ісіне адал, жайлы жағдайда еңбек ететін мамандардың еңбегі жатыр. **ET**

■ МҰНАЙШЫЛАР МҮДДЕСІ

# КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАҢА ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

**Бүгін «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің кезекті есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Маңызды жиында кәсіподақ ұйымының атқарған жұмыстары қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған басым міндеттер айқындалды.**

Конференцияға компанияның өндірістік құрылымдық бөлімшелерінен сайланған 103 делегат қатысты. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – кәсіподақ ұйымының төрағасын сайлау болды. Ашық дауыс беру нәтижесінде делегаттардың көпшілік даусына ие болған Болат Мұратұлы Нсанбаев «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы

болып сайланды. Айта кетейік, сайлауға екі үміткер қатысып, өз кандидатураларын ұсынған болатын.

Конференция барысында Болат Нсанбаев кәсіподақ ұйымының есепті кезеңдегі қызметі туралы баяндама жасап, қол жеткізілген нәтижелерге тоқталды. Оның айтуынша, кәсіподақ ұйымының



негізгі бағыттарының бірі қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын қорғау, сондай-ақ, еңбек ұжымының мүдделерін тиімді түрде білдіру болып қала береді.

Баяндаманың маңызды бөлігінің бірі компанияның 2022–2026 жылдарға арналған Ұжымдық шартын әзірлеу жұмыстарына арналды. Ұжымдық шартты дайындау жөніндегі жұмыс тобының талқылаулары барысында кәсіподақ ұйымы тарапынан 32 ұсыныс енгізіліп, олардың 15-і құжатқа қабылданды. Бұл бастамалар қызметкерлердің әлеуметтік кепілдіктерін жетілдіруге және еңбек жағдайларын жақсартуға бағытталды.

Болат Нсанбаев қол жеткізілген нәтижелердің барлығы өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі кәсіподақ комитеттері төрағаларының және кәсіподақ белсенділерінің бірлескен әрі

жүйелі жұмысының жемісі екенін ерекше атап өтті.

Жиын барысында тексеру комиссиясының есебі тыңдалып, кәсіподақ ұйымының қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты ақпарат ұсынылды.

Конференция қорытындысында салалық кәсіподақты таңдау және оның құрамына кіру мәселесі қаралды. Делегаттардың басым көпшілігі «ҰНТУМАҚ» кәсіпкерлік қызметкерлерінің қазақстандық салалық кәсіподағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің құрамына кіру туралы шешімді қолдады.

Кәсіподақ ұйымының алдағы қызметі де еңбеккерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғауға, әлеуметтік әріптестікті нығайтуға және ұжымдық шарттың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге бағытталмақ. **ET**

■ КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

# ІШКІ ТӘЛІМГЕРЛЕР: КӘСІБИ ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

**Кез келген өндірістік компанияның басты құндылығы – оның адами капиталы мен жылдар бойы жинақталған тәжірибесі. Әсіресе, мұнай-газ саласында кәсіби білім мен өндірістік дағдыларды жас буынға жеткізу стратегиялық маңызға ие. Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Ішкі тәлімгерлерді дамыту» бағдарламасы бастау алды.**

Бес айға жоспарланған бағдарлама тәжірибелі мамандардың оқыту және тәлімгерлік дағдыларын дамытуға бағытталған. Оған еңбек өтілі 10 жылдан 30 жылға дейінгі 25 қызметкер қатысуда. Бағдарлама аясындағы оқыту модульдері Атырау, Алматы және Астана қалаларында өтеді.

Айта кетсек, өткен жылы ұйымдастырылған бағдарлама оң нәтижесін көрсетті. Жобаны тәмамдаған 25 тәлімгер арнайы тізім бойынша тоқсан сайын өзге жұмысшылармен тәжірибесімен бөлісуде. Бағдарламаның алғашқы модуліне қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Қайрат Әбенев бұл жобаның Компанияда екінші жыл қатарынан қолға алынып отырғандығын, алғашқы тәжірибе тиімділігін көрсеткенін атап өтті.

Бүгінде өндірістегі тұрақты даму тек технологиялық жанашылықтарға ғана емес, білімді тиімді басқаруға да байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, «Ішкі тәлімгерлерді дамыту» бағдарламасы Компанияның болашаққа бағытталған маңызды инвестицияларының бірі болып саналады, - деп атап өткен Қ.Әбенев қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жобаның алғашқы кезеңі «Ішкі тренинг негіздері» тақырыбымен басталды. Алдағы айларда қатысушылар тәлімгерлік қызметтің негізгі қағидаттарын меңгеріп, білім беру әдістемесі мен коммуникациялық дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, «Тәлімгердің рөлі мен жауаптылығы», «Өзге біліктіліктерді дамыту», «Оқыту дизайны мен жоспарлау», «Тренинг жүргізу шеберлігі», «Бағалау және даму» секілді маңызды тақырыптар қамтылады. Онлайн және офлайн форматтарды ұштастырған әрбір модуль екі



күнге жоспарланған. Бағдарламаның басты ерекшелігі – өндірістегі мол тәжірибесі бар мамандарды кәсіби тәлімгер деңгейіне көтеру. Осы мақсатта төрт негізгі құзыретті дамытуға басымдық беріледі.

Біріншіден, қатысушылар өндірістік білімнің тереңдігін арттырып, компания стандарттары мен нормаларын тиімді жеткізуге үйренеді. Сонымен қатар, нақты өндірістік кейстер мен тәжірибелік мысалдарды оқыту процесінде қолдану тәсілдерін меңгереді.

Екіншіден, коммуникация және фасилитация бағытындағы дағдылар жетілдіріледі. Бұл тәлімгерлердің әріптестерімен тиімді байланыс орнатуына, белсенді тыңдау мен дұрыс сұрақ қою әдістерін қолдануына және түрлі күрделі жағдайларды басқаруына мүмкіндік береді.

Үшіншіден, педагогикалық шеберлікке ерекше назар аударылады. Андрагогика қағидаттарын меңгеру, оқыту бағдарламаларын әзірлеу және интерактивті әдістерді пайдалану арқылы тәлімгерлердің оқыту сапасы жана деңгейге көтеріледі.



Төртіншіден, оқыту нәтижелерін бағалау қабілеттері дамиды. Қатысушылар кері байланыс берудің тиімді тәсілдерін игеріп, өздерінің кәсіби даму жоспарларын қалыптастыруға машықтанады.

Бұл бастама компания үшін де үлкен маңызға ие. Ең алдымен, өндірістік білім мен тәжірибенің буыннан-буынға берілуін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде жас мамандардың жаңа ортаға бейімделу уақыты қысқарып, олардың еңбек өнімділігі артады. Сонымен бірге, сертификатталған тәлімгерлердің кәсіби мотивациясы мен Компанияға деген адалдығы нығая түспек.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, ең бастысы – жылдар бойы жинақталған өндірістік білім мен бірегей тәжірибе сақталып, жүйеленген ішкі контенттік база қалыптасады. Бұл өз кезегінде Ембімұнайгаздың тәжірибе мен білімді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін заманауи корпоративтік мектеп ретінде дамуына негіз болады. **ET**

## КОРПОРАТИВТІК БАЙЛАНЫС

Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты басқармалар арасында «Алтын ұя» отбасылық спорттық сайысы өтті. Оған компанияға қарасты басқармаларда еңбек ететін қызметкерлердің отбасылары қатысты. Компанияның «Сауықтыру бағдарламасы» шеңберінде ұйымдастырылған шараның мақсаты – тек спорттық бәсеке ғана емес, отбасы құндылықтарын дәріптеп, ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен татулықты нығайту.

Сайыс барысында қатысушылар ептілік пен жылдамдықтарын ғана емес, жанұяның ұйымшылдығын және отбасы мүшелерінің бір-бірін қолдауын көрсетті. Сондықтан, додаға қатысқан әр отбасы құрметке де, қошеметке де лайық болды.

Сайыс болған соң, үздіктердің анықталатыны даусыз. Доданың жүделі орындары төмендегіше анықталды:

1-орынды «Шаттық ұя» отбасылық командасы иеленді. Отағасы Аршат Шамай – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның инженер-энергетигі; 2-орынға

«Қыран» отбасылық командасы көтерілді. Отағасы Иван Исиқбаев – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ

## ОТБАСЫ БІРЛІГІНІҢ МЕРЕКЕСІ

Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының бастығы; 3-орынға «Алаша» командасы лайық деп танылды. Отағасы Жалғас Шманов – «Ембімұнайэнерго» басқармасының электрмонтері.

Отбасылық спорттық сайысқа ұйымшылдықпен қатысқан өзге де ембіліктердің отбасылары



ынталандыру марапаттарына ие болды. «Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының операторы Айнұр Нұрғалиеваның, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірістік-әлеуметтік тұрмыстық нысандарға қызмет көрсету учаскесінің (құрылыс) шебері Әсембек Сатыбалдиевтің, ӨТҚЖЖК басқармасының ТМҚ бақылау, жүргізу учаскесінің күзетшісі Талғат Үмбеталиевтің отбасылық командаларына арнайы дипломдар мен имидждік бағалы сыйлықтар табысталды. ET



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №КЗ03ВРУ00147512 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.  
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
A.Ertleuova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Ғ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Қулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.